

FTAMP 16.41.25

<https://doi.org/10.26577/JOS-2019-3-o18>**Қыдырбаева Ү.Т.,¹ Монтанай Э.А.²**

¹PhD, оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kudyrbayevaumit@gmail.com

² оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

**ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСМИ ХАТТАРЫНДАҒЫ
СӨЗ ТУДЫРУШЫ ЖҰРНАҚТАР**

Мақалада XVIII ғасырда қазақ даласында билік жүргізген Әбілқайыр ханның орыс патшайымдары мен елшілеріне жазған ресми хаттары тілдік құрылымы жағынан зерттелінген. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған ресми хаттардағы сөз түрлендіруші жұрнақтарды, сипаты және қолданысы жағынан анықтау, тарихи түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу және олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын көрсету зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Қазақ даласында шағатай тілінде жазылған әртүрлі мазмұндағы қолжазба материалдары әлі күнге дейін жан-жақты зерттеуді қажет ететін тың әрі өзекті мәселелердің бірі. Осылардың ішінде хандық дәуірдегі қолжазба деректерінің тарих, филология және әлеуметтану сияқты ғылымдарға қосар үлесі мол. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс қолданыла отырып, көне түркі, көне ұйғыр, қархан және қыпшақ тілдеріндегі сөз жасаушы жұрнақтар қарастырылды. Сонымен қатар, жұрнақтардың қолданылуы мысалдар арқылы көрсетіле отырып, атқаратын қызметіне қысқаша сипаттама берілді. Тарихи түркі тілдеріндегі сөз жасаушы жұрнақтардың хандық кезеңдегі және қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуын, сонымен қатар, хаттардағы шағатай және қыпшақ тілдік элементтердің қаншалықты басымдылығын анықтау зерттеу жұмысынан күтілетін нәтиже болып табылады.

Түйін сөздер: сөз жасаушы жұрнақтар, қазақ тілі, түркі тілдері, ресми хаттар.

Kudyrbayeva U.T.¹, Montanay E.A.²

¹Senior teacher of Oriental Studies Faculty, Phd, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

² Teacher of Oriental Studies Faculty, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Word-Forming Affixes in official Letters of Khan Abulhair

The article studied the linguistic structure of the written official letters to Russian empresses and ambassadors from Abulhair Khan, who in the 18th century headed the power in the Kazakh steppe. The main goal of the research work is the definition of word-forming suffixes in official letters, received as a form of research work, by character and usage, research in comparison with historical Turkic languages and reflection of their continuity with modern Kazakh language. In the Kazakh steppe, handwritten materials of various content, written in the Chagatay language, are still relevant and important issues that require comprehensive study. Among them, the manuscripts of the Khanate era have a great influence on such sciences as history, philology and sociology. In the course of the study, the comparative-historical method was used and word-formation suffixes in the Old Turkic, Old Uigur, Karhan and Kipchak languages are considered. In addition, brief characteristics of the functionality were given with examples of the use of suffixes. The expected result of the research work is the definition of the use of word-forming suffixes in the historical Turkic language

at the Khan stage and in the modern Kazakh language, as well as the prioritization of Chagatai and Kipchak language elements in letters.

Key words: word-forming suffixes, Kazakh language, Turkic language, official letters.

Қыдырбаева Ү.Т.¹, Монтанай Э.А.²

¹старший преподаватель, PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: kudyrbayevaumit@gmail.com

²преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: elmiramontanayeva@gmail.com

Словообразовательные аффиксы в официальных письмах хана Абулхаира

В статье изучена языковая структура написанных русским императрицам и послам официальных писем Абулхаир хана, который возглавлял власть в казахской степи в XVIII веке. Основной целью исследовательской работы является определение словообразующих аффиксов в официальных письмах по их характеру и употреблению, проведение сравнения с историческими тюркскими языками и отражение их преемственности с современным казахским языком. В казахской степи рукописные материалы различного содержания, написанные на чагатайском языке, до сих пор являются актуальными и важными вопросами, требующими всестороннего изучения. Среди них рукописи эпохи ханства имеют большое значение в таких науках, как история, филология и социология. В ходе исследования был использован сравнительно-исторический метод для рассмотрения словообразовательных аффиксов на древнетюркском, древнеуйгурском, карханском и кипчакском языках. Кроме того, были даны краткие характеристики функциональности с приведением примеров применения аффиксов. Ожидаемым результатом исследовательской работы является определение применения словообразующих аффиксов в историческом тюркском языке на ханском этапе и в современном казахском языке, а также определение приоритетности чагатайских и кипчакских языковых элементов в письмах.

Ключевые слова: словообразовательные аффиксы, казахский язык, тюркские языки, официальные письма.

Кіріспе

Түркі халықтарына ортақ, көне түркі жазба ескерткіштері мен орта ғасырдағы Қашқарлы Махмұттың еңбегінен бастап, ортақ тарихымыздан сыр шертетін құнды мәдени мұраларды зерттеу және төл тілімізге ортақ тілдік ұқсастықтарды анықтау көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Сонымен қатар, қазақ тілінің тарихи дамуында айрықша орын алатын және әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі – қазақ хандары мен сұлтандары тарапынан жазылған ресми хаттардың зерттелуі. Өткен жылғы елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысаналар жаңартылып, халқымыздың өткен тарихына байланысты көрші мемлекеттердің архивтерінде сақталған құжаттар отандық ғалымдар тарапынан зерттелініп, басым көпшілігі Қазақстанға әкелінген болатын. Солардың ішінде қазақ хандарының ресми хаттары ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліне бастады. Осы уақытқа дейін ресми хаттардың тілдік ерекшеліктері отандық

ғалымдар Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, Г. Мамырбекова, Д. Әбділәшімұлы, Е. Өмірбаев және Т. Әбікенова т.б. зерттеп келді. И.В. Ерофеева тарапынан жарияланған «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты» атты екі томдық еңбекте Ресей және көрші мемлекеттердің мұрағат қорынан жинақталған қазақ хандарының ресми хаттарының түпнұсқа мәтіні мен орыс тіліне жасалынған аударма мәтіндері және хандардың билік құрған дәуірлері мен адресаттар туралы қысқаша мәліметтер берілген (Kudyrbayeva; Uğurlu, 2018).

Бұл мақалада кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның көршілес орыс елшілері мен патшайымдарына жазған ресми хаттарында қолданылған сөз тудырушы жұрнақтар қарастырылады. Сонымен қатар, қарастырылған түпнұсқа мәтіндері негізінде қазақ тілінің тарихи түркі тілдерімен сабақтастығын көрсету зерттеу мақаласының негізгі мақсаты болып табылады. Мақаланың зерттеу нысанына айналған XVIII ғасырдағы қазақ жазба ескерткіштерінің тілдік құрылымының бір көрінісі болып табылатын ресми хаттардың зерттелуінде салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылған.

Сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанатын сөзден лексикалық мағынасы басқа жаңа сөз ту-

дырады. Сол үшін де әрбір сөз тудырушы жұрнақ, өзіне тән грамматикалық мағынаға ие бола отырып, сипаты мен атқаратын қызметі жағынан сан алуан болып келеді. Кейбір жұрнақтар көне дәуірден қазіргі уақытқа дейін әртүрлі дыбыстық немесе семантикалық өзгерістерге ұшырап келген. Қазіргі түркітануда сөз тудырушы жұрнақтардың пайда болуына қатысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Бұлардың бірі, жеке сөздердің агглютинация (жалғану) заңдылықтары негізінде уақыт өте лексикалық мағынасын жоғалтқан дербес сөздерден жасалғандығын алға тартады. Бұл көзқарасты қолдайтын ғалымдар қатарына И.А. Батманов, Н.А. Баскаков және Ф. Бопп сияқты ғалымдар жатады. Ал екінші көзқарас бойынша, жұрнақтардың жеке сөздерден қалыптасқанын жоққа шығармайтын, алайда жұрнақтардың түбір сөзбен қатар, бірінші тілдік материал екендігін көрсете отырып, кейбір күрделі аффикстердің бір фонемадан тұратын алғашқы қосымшалардың фузия құбылысы нәтижесінде жымдасып кетуін қолдайды. Мұндай көзқараста В.В. Радлов, Г.И. Рамстедт, А.Н. Кононов, О. Бетлинг және Н.З. Гаджиев сияқты ғалымдарды атап көрсетуге болады (Тектигул, 2013).

Әбілқайыр ханың хаттарында кездесетін сөз тудырушы жұрнақтарды қолдану жиілігіне қарай төмендегі ретпен бөліп қарастырамыз.

Зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақтар

Зат есімдерді түбір және туынды зат есім ретінде қарастыруға болады. Алайда осылардың ішінде түбір сөздердің жалғамалы тілдерде алар орны ерекше. Себебі түбір бір буынды болғандықтан ол еш уақытта өзгермейді. Өзгеріске ұшыраған жағдайда басқа түбірге айналады. Зерттеу материалында анықталған жұрнақтарды жасалу жолдарына қарай бөліп қарастыру кезінде, олардың тарихи шығу негізіне де мән беруіміз қажет. Туынды есімдер жұрнақ арқылы жасалынады. Дегенімен кейбір түбір сөздер жеке қолданудан шығып қалып, өлі түбірге айналады. Мұсабаев өз тұжырымдамасында өлі түбір ұғымның жоқ екендігін айта келе, олардың тек бұрынғы мәнін жоғалтып, жаңа мағына ала алмағандығын алға тартады (Мұсабаев, 1988). Яғни, жұрнақтар көне түбір сөздердің мағына жағынан әлсіреуі нәтижесінде сөздердің грамматикалық байланысуынан шыққан.

-лық, -лік: Зерттелген хаттарда қолданыс жиілігі жағынан ең көп қолданылған зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақ. Грамматикалық сипаты жағынан өнімді жұрнақтар қатарына жататын бұл жұрнақтар есім сөздерге жалғану

арқылы заттың, құбылыстың бар екендігін білдіретін сын есім жасаумен қатар, құралдың атын білдіретін зат есімдер мен адамның мекен-жайын, тұрағын, шыққан жерін білдіретін нақтылы мағыналы зат есімнен бастап, жинақтық молшылық бір нәрсеге тәнділік, мөлшерлік тәрізді абстракциялы ұғымдарды білдіретін зат есімдер жасау үшін қолданылған (Тіл білімі институты, 1967). Мысалы: *barluq* < *bar-luq* (барлық); *başlıq* < *baş-lıq* (тақырып); *isenligüni* < *isen-lig* (есендік немесе амандық); *atalıg* < *ata-lıg* (аталық) (Қудыргбаева, 2018).

Бұл жұрнақ Көне түркі тілінде үнемі еріндік-езулік заңдылығына бағынған. Алайда Ескі Анадолы түрік тілінде бұл жұрнақтардың үндестік заңы тысында қалып, түрік тілінің бастапқы кезеңінде жұрнақтың тек еріндік формасы ғана қолданылған. Мысалы: *ben-lik*, *var-lıq*, *yoq-lıq*, *gün-lik* (Ergin, 2013).

-лы, -лі: Жиі қолданылатын бұл жұрнақтар көбіне сын есім сипатындағы сөздер жасауда қолданылған. Кірме сөздерден кейін де қолданылғандығын көруге болады. Мысалы: *açulı* < *aç-u-lı* (ашулы); *iwli* < *iw-li* (үйлі); *atlı* < *at-lı* (атты); *faydalı* < *fayda-lı* (пайдалы); *hurmetlü* < *hurmet-lü* (құрметті); *bahāli* < *bahā-lı* (бағалы); *‘izzetlü* < *‘izzet-lü* (ізетті). Көне түркі тілінде бұл жұрнақтардың *-lig*, *-lig*, *-luğ*, *-lüg* формасы кездеседі.

Ғ.Мұсабаев, көптеген қазіргі және көне түркі тілдерінде кездесетін *-лы/-лі*, *-лығ/-ліг* жұрнақтары келген жерде қазақ тілінде дауыссыз дыбыстан кейін *-ды/-ді*, *-ты/-ті*, *-дық/-дік*, *-тық/-тік* жұрнақтарының қолданылатындығын қазақ тілінің *л* дыбысын жатырқауынан деп түсіндіреді (Мұсабаев, 1988).

-чы; -чи: Қазіргі қазақ тілінде *-шы, -ші*, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде *älçi*, *ämçi*, *hundaçı* (Саferoğlu, 2015) сияқты сөздерде қолданылған бұл жұрнақ, есім түбірлі сөздерге жалғану арқылы адамның кәсібін, мамандығын, қабілетін, әлеуметтік күйін білдіретін сөздер жасауда қолданылады (Тіл білімі институты, 1967). Мысалы: *çarқunçı* < *çar-қun-çı* (шапқыншы); *ilçi* < *il-çi* (елші); *yılқıçı* < *yılқı-çı* (жылқышы). Сонымен қатар, араб және парсы негізді сөздерден кейін де қолданылған. Мысалы: *behbüdçılıq* < *behbüd-çı-lıq* (бейбітшілік); *bendeçilik* < *bende-çi-lik* (пендешілік).

-нчы, -нчи: Реттік сан есім жасайтын бұл жұрнақтар қазақ тілінде *-ыншы, -інші* түрінде жұмсалады. Мысалы: *altınçı* < *altı-nçı* (алтыншы); *ikinçi* < *iki-nçi* (екінші); *sekizinçi* < *sekiz – inçi* (сегізінші); *toқuzınçı* < *toқuz-inçı* (тоғызын-

шы). Көне түркі тілінде бұл жұрнақ *-нч* түрінде қолданылған. XII ғасырға дейін жалғасын тапқан реттік сан есімнің бұл формасы кейінгі кезеңдерде сөйлеу әсерінен жазуда *-нчи* бола бастаған. Бұл жұрнақ, Талас ескерткіштерінде *-нч* түрінде бірге көрсетілсе, М.Қашқаридің еңбегінде *-н* және *-ч* деп екі бөлек көрсетілген. Бұл туралы Ғ. Мұсабаевтың еңбегінде салыстармалы түрде жан-жақты талдау жасалған (Мұсабаев, 1988).

-ау, -еу: Көне түркі тіліндегі *-агу, -егу* жұрнағының өзгерген түрі. Көбіне сан есімдерден кейін келіп, жинақтық сан есім тудырады. Мысалы: *bişew < biş-ew* (бесеу); *ikew < ik-ew* (екеу); *törtew < tört-ew* (төртеу). Қазіргі қазақ тілінде жеті санынан ары қарай *-ау, -еу* жұрнақтары қосылмайды. Татар, башқұрт және түрік тілдерінде *он-ау, он-ар* түріндегі қолданыстарды көруге болады.

-дай, -дей: Ұқсату, салыстырмалы мағынада сын есім тудыратын бұл жұрнақ, хаттарда тек бірнеше жерде кездеседі. Мысалы: *bilturğu-day* (былтырғыдай); *çek-gen-dey* (шеккендей). Сын есім шырайлары көне түркі ескерткіштерінде аналитикалық жолмен берілгендіктен Күлтегін және Тоныкөк жазбаларында *тег* (тегі) түрінде қолданылған. Бұл жұрнаққа қатысты Қ. Жұбанов, *-дай, -дей* және оның түрлерінің XV ғасырдан бері дамығандығын, арғы түбірінің *тег* екендігін көрсете кетіп, оның *тегін* атты лақаптан қысқармағандығы туралы күмән келтіреді (Жұбанов, 1966).

-сыз, -сіз, -сүз: Болымсыздық мағынасында жұмсалатын сөздерде қолданылады. Сонымен қатар, араб тілінен енген сөздерден кейін орын алған. Мысалы: *bizsiz < biz-siz* (бізсіз); *niñāyet – süz* (шексіз), *ruhśāt-sız* (рұқсатсыз). Көне түркі ескерткіштерінде *-сыз* жұрнағы қолданылғанымен аналитикалық тәсіл басымдау болған. Бұл жұрнақ орта ғасыр әдеби шығармаларында кеңінен қолданыла бастаған. Көне түркі дәуірінен бері қарай мағыналық жағынан дами отырып, қазіргі түркі тілдерінің басым бөлігінде өнімді жұрнақ ретінде жұмсалып келеді.

-рақ: Көптік және шамадан тыс мөлшерді білдіретін жұрнақ ретінде жұмсалған. Мысалы: *artuқıraқ < artuқ- iraq* (артығырақ); *asıғraқ < asıғ-raq* (пайдалы).

-чик: Хаттарда сирек қолданылған кішірейтпелі мағыналы зат есім жасайтын жұрнақ. Мысалы: *iwқikde < iw-қik* (үйшік).

-ан: Қалыптасқан көне жұрнақтардан бірі болып қолданылатын бұл жұрнақ, хаттарда тек бір сөзде жұмсалған. Мысалы: *oғlan < oғl-an* (ұл). Көне түркі тілінде күшейтпелі, көптік мағынада,

ärän ~ oғlan ~ örtän (Gabain, 2003) сияқты сөздерде қолданылған.

-ге: Өнімсіз болып табылатын бұл жұрнақ тек бір сөзде кездеседі. Мысалы: *özge < öz-ge* (өзге).

Етістіктен зат есім тудырушы жұрнақтар

Зат есімдер мен етістіктерді бір-бірінен бөліп қарастыру тілдің тарихи даму үдерісінен туындап қалыптасқан. Тілдегі тұрақтылықтың өзі біртіндеп өзгеріске ұшарайды. Әрине зат пен іс-қимыл өзара тығыз байланысты болғандықтан екеуін екі бөлек қарастыруға болмайды. Қазіргі қазақ тілінде етістіктің кейбір түбірлері зат есіммен түбірлес және мағыналас болып келеді. Осыған қарамастан кейбір сөз тудырушы жұрнақтар етістік пен зат есімнің, керісінше зат есім мен етістіктің арасындағы ерекшеліктерді сипаты және сөйлемдегі қызметі жағынан ажыратып, қолдану аясын арттыра түседі.

-к, -к: Ескі өнімді жұрнақ. Түрлі абстракт заттық мағынаны білдіретін және іс-әрекеттен туындаған әртүрлі сөздер тудырады. Мысалы: *açuқ < aç- u-қ* (ашық); *tilek < til-e-k* (тілек); *bozuқ < boz-u- қ* (бұзық); *salıқ < sal-t-қ* (салық). Салыстырыңыз: Көне түркі тілінде *açuқ* (Каа, 1994), *қилік* (Gabain, 2003), *salıқ, bozuқ* (Топарлі, 2003), *tiläk* (Caferoğlu, 1968).

-ғы, -қы, -гү, -кү: Түрлі абстракты заттық ұғымның және іс-әрекеттің атауын білдіретін бұл жұрнақ хаттарда жиі қолданылған. Мысалы: *bilgü < bil-gü* (белгі); *bilgüci < bil-gü-ci* (білуші); *külkü < kül-kü* (күлкі). Бұл жұрнақтың Көне Түркі тілінде тек *-гу, -гү* түрі болған.

Жоғарыдағы көрсетілген *-қ* және *-г* жұрнақтары, М. Қашқаридің еңбегінде аралас қолданылып келген. Оның *-г* ретінде көрсеткен жұрнақтан бұрын немесе кейін айтылатын дауысты дыбыстар анық көрініс тапқан. Солардың ішінде *-гу/-кү, -қ* түрлерін *-г* жұрнағының өзгерісі ретінде көрсеткен.

-ғын, -гун; -қун: Көбіне тек буынды етістіктің түбіріне жалғанып, асырмалы және етістіктің мазмұнына тікелей байланысты іс-әрекеттің атауын жасайды. Мысалы: *azgun < az-ğun* (азғын); *çapқunçı < çap-қun-çı* (шапқын); *tutқun < tut-қun* (тұтқын). Ғ. Мұсабаевтың «Ескі қазақ тілі» атты зерттеуінде осы жұрнақтың «қон» көне түбірден түрегенін айтады. Ол М. Қашқаридің еңбегін негізге ала отырып, мысал ретінде *tұрғын < тұр-қон, тұтқын < тұт-қон, көшкін < көш-қон* сөздерін бере отырып, бұл сөздердің екі түбірден жасалғандығын және екіншісінің

қон сөзі екендігін айтады. Осылайша, қосарлана қолданылған екінші түбір *қон* сөзі шылауға айналып, уақыт өте келе, мағынасынан ажырап, үндестік заңына бағынуы салдарынан тұлғасын өзгертіп, жұрнаққа айналғандығын көрсеткен (Мұсабаев, 1988).

-ыс; -іш, -уш: Заттық ұғымдардың, мекен және іс қимыл атауын білдіретін жұрнақ ретінде бірнеше жерде кездеседі. Мысалы: *alıś* < *al-i-ś* (*алыс*); *bitiše-* < *bit-i-ş-e* (беріс); *uruş* < *ur-u-ş* (ұрыс). Түркі тілдерінде *-w/-c* дыбыстары ауыса береді және бұл жұрнақтар зат есімге қарағанда көбіне етіс формасына бейім екендігін естен шығармау керек. Бұл жұрнақтың негізгі қасиеті етістікте де, зат есімде де аралас қатыстықты білдіреді.

-у: Өнімді жұрнақ ретінде зат есім, сын есім және қимыл атауларының түрлерін жасайды. Мысалы: *ataw* < *ata-w* (атау); *itüvge* < *it-ü-v-ge* (жасау, ету).

Бастапқы кезде *-қу/-ғу, -құ/-ғұ* түрінде қосарланып келген бұл жұрнақ, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне қарай кірігіп, *-у* түріне айналған.

-ғуч: Өнімді жұрнақ ретінде тек бір сөзде кездеседі. Мысалы: *aşğuc* < *aş-ğuc* (ашқыш). Қазақ тілінде сабақты етістікке жалғанып, құралжабдық атауларын білдіреді.

-ч: Көбіне өздік етіс формаларына жалғанып, абстракт ұғымды білдіретін сөздерді жасауда қолданылады. Мысалы: *қорқуиңсиз* < *қорқ-u-n-i-ç-siz* (*қорқынышсыз*)

-ға: Бұрыннан бері қолданылып келген, алайда, кейіннен өнімсіз жұрнаққа айналған жұрнақтардың бірі. Мысалы: *tamğalarumuz* < *tam-ğa-lar-u-mız* (*таңбаларымыз*)

-ім (-ым): Өнімді жұрнақ. Іс-әрекеттің нәтижесін, қимылдың, істің атын, өлшемді білдіретін зат есім тудырады. Мысалы: *ötünim* < *öt-ü-n-i-m*. Қимыл етістіктерінен есім жасайтын әрі онай, әрі икемді жұрнақ болғандықтан күні бүгінге дейін қолданыстан шыққан емес.

-ы (-і, -у): Етістіктің білдіретін іс-әрекетінің өнімі немесе нәтижесі болып табылатын деректі және дерексіз зат есімдер мен сын есімдер тудыратын жұрнақ. Көне Түркі тіліндегі *-г* жұрнағынан түреген. Мысалы: *yazı* < *yaz-i; açulı* < *aç-u-lı*.

-шы (-ші, -чы, -чі): Көбіне іс-әрекетті орындаушыны білдіретін зат есімдер жасау үшін қолданылады. Мысалы: *қилуи* < *қил-u-şı, киінеуи* < *киіне-ү-ші*. Көне Түркі тілінде *ölürgüci, қнағуи, қолғуи* (Gabain, 2003). Шағатай тілінде *alğici,*

asrağuci, oynağuci (Argunşah, 2013).

-мақ (-мек): Тұйық етістік жалғауы. Мысалы: *körmek* < *kör-mek; almaqlıq* < *al-maq-lıq; aymaq* < *ay-maq; bolmak* < *bol-maq*.

Хаттардағы етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды Көне Түркі тіліндегі және орта ғасырдағы жазба ескерткіштердің тілімен салыстыра отырып, зерттеу нәтижесінде, кейбір жұрнақтардың өлі түбірден жасалғандығын, уақыт өте келе тілдің даму үдерісіне сай дыбыстық өзгерістерге ұшыраған жұрнақтардың қолдану аясының тарылып, не болмаса кенеюін көруге болады.

Зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ

Бұл жұрнақтар көбіне зат есімнің негізгі түбіріне жалғану арқылы етістік жасайтын жұрнақтар. Зат есімнен зат есім жасаушы жұрнақтар арқылы жасалған негіз сөздерден кейін өте сирек кездеседі. Алайда етістік түбірінен зат есім жасалған негіз сөздерден кейін жиі ұшырасады. Дегенімен де негіз сөздер арқылы жасалған етістіктер көбіне өнімсіз жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерді құрайды. Атқаратын қызметіне қарай, түбір сөздің негізгі мағынасына сәйкес, іс-әрекеттің орындалуын, жасалуын білдіретін етістіктер жасайды. Бұл жұрнақтар Әбілқайыр ханның хаттарында да тек төрт-бес жерде ғана ұшырасады.

-а (-у): Зат есімдерден сабақты және салт етістік тудыратын өнімді жұрнақтардан бірі болып табылады. Бұл жұрнақ арқылы жасалатын етістіктер іс-әрекетті және іс-әрекеттің орындалуын білдіреді. Көне Түркі тілінде жиі қолданылатын бұл жұрнақ, кейіннен қолдануы жағынан азайған. Әбілқайырдың хаттарында бір ғана сөзге жалғану арқылы үш жерде кездеседі. Мысалы: *berkütdük* < *berk+ü-t-dük*. *Салыстырыңыз: КТ. öli-, boşu-, münä-* (Gabain, 2003). *Шағ. bayı-, tük-e-, taşı-* (Arguşhan, 2013). *Қаз. jelpi-, bayı-, mine-, ota-* (Öner, 2013).

-да (-та): Бұрыннан бері қолданылып келе жатқан, еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ ретінде қолданылады. Хаттарда тек бір жерде кездеседі. Мысалы: *қуруқтамaysız* < *қur-uq+ta-ma-y-sız*. Көне Түркі тілінде бұл жұрнақтың /d/ және /t/ варианттары да болған. Қазіргі қазақ тілінде де екі вариантын көруге болады. Түрік ғалымы М. Ергин, батыс түркі тілінде тек, *iste-* етістігінде сақталғандығын және қазіргі түрік тілінде тек /d/ вариантының қолданылуын көбіне /l/, /r/ және /y/ сияқты ұяң дауыссыздардан аяқталатын еліктеуіш сөз-

дерден кейін жалғанатындығымен түсіндіреді (Ergin, 2013).

-к: Өнімсіз жұрнақ. Тек қимылдың іске асу мағынасын білдіретін етістіктер жасайды. Мысалы: *birükip* < *bir+ü-k-i-p*; *kiçikse* < *kiç+i-k-se*.

-ла (-ле): Әртүрлі зат есімдерден кейін жалғанып, іс-әрекетті орындау немесе іс-әрекетті білдіретін етістіктер жасайтын өнімді жұрнақтар. Мысалы: *arqala-* < *arqa+la-*; *awla* < *aw+la-*; *izlete-* < *iz+le-t-e*; *qadurlap-* < *qadur+lap*. Араб тілі негізді бірнеше сөздерден кейін қолданылғандығы байқалады. Мысалы: *hürmetlen* – < *hürmetle-n-*; *vā* ‘*deleşip* < *A. vā* ‘*de+le-ş-ip*; *haberleşip-* < *haber+le-ş-ip*.

Етістіктен етістік жасаушы жұрнақтар

-а: Іс-әрекеттің үнемі жасалуын білдіретін өнімсіз жұрнақ. Мысалы: *tiyep* < *tiye-p*. Салыстырыңыз: *KY. qazi* -, *ıqqa* – (Eraslan, 2012). *Шағ. tarqa-*, *tarta-*, *ürke* (Argunşah, 2013). *Қаз. örte-*, *sına-*, *mine-* (Тіл білімі институты, 1976).

-ар (-ер): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *qaytarar* < *qayt-ar-ar*; *tapşurayım* < *tap-ş-ur-a-y-ım*; *çıqarsun* < *çıq-ar-sun*. М. Ергин, бұл жұрнақтың *-ğar*, *-ger* жұрнағымен байланыстырады. Алайда Көне Түркі тілінде де бұл жұрнақтың *-ar*, *-er* түріндегі қолданысы орын алған (Ergin, 2013).

-дыр (-дур, -тур): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *bildürüp* < *bil-dür-ip*; *kiltürüp* < *kil-tür-üp*; *inanduramın* < *inan-dur-a-mın*; *tuttursam* < *tuttur-sa-m*. Көне Түркі тілінде *-tur-*, *-tür-*, *-dur-*, *-dür-* түрінде тек еріндік дауыстылармен қатар қолданылған. Бұлардың арасында *-tur-*, *-tür-* бастапқы түрі болып, *-dur-*, *-dür-* формасы кейіннен дауыссыздың ұяндауы әсерінен пайда болған. Көне Анадолы тілінде тек *-dur-*, *-dür-* түрі қолданылған (Ergin, 2013).

-гүр (-күр): Өзгелік етіс жалғауы. Мысалы: *cetkürdüñiz* < *cet-kür-dü-ñiz*. Салыстырыңыз: *KT. tırgür-*, *azğur-* (Gabain, 2003); *Шағ. yètkür-*, *yatğur-*, *azğur-*. (Argunşah, 2013). *Қаз. -қыз/-ғыз* формасы қолданылады. Мысалы: *algız-*, *aşqız-*, *bölgiz-* (Öner, 2013). Көне Түркі тілінде жиі қолданылған жұрнақтардың бірі. Батыс түркі тілдерінде жұрнақтың басындағы */-ğ/*, */-g/* дыбыстарының түсіп қалуы өзгелік етіс жасайтын *-ar*, *-er* жұрнағымен үнемі шатастырылады. Алайда Көне Анадолы тілінде бастапқы формасының сақталғанын *ir-gür-* (жеткізу), *tur-ğur-* (тоқтату), *dir-gür-* (тірілту) сияқты мысалдардан көруге болады (Ergin, 2013).

-л: Етістіктердің соңына келіп ырықсыз және іс-әрекеттің орындаушысы белгісіз етістіктер жасайтын өнімді жұрнақ. Мысалы: *açılatur* < *aç-i-l-a-dur* (122a/), *yazuldu* < *yaz-u-l-du*, *birildi* < *bir-i-l-di*. Бұл жұрнаққа қатысты М. Ергин былай дейді: «Көне Түркі тілінде жұрнақтың тек *-l* формасының қолданылғандығы анық байқалады.... Алайда Көне Анадолы тілінде бұл жұрнақтың алдындағы дауысты дыбысты да өзіне қосып алғандығын көреміз. Көне Анадолы дәуірінен кейінгі кезеңдерде дауыстылармен аяқталған етістіктерден соң қолданылмайтындығы және қазірге дейін дауыссыздардан аяқталған етістіктерге жалғанып келгендіктен өзінен бұрын келген дауысты дыбыстың жұрнақтың құрамында болғандығын немесе көмекші дыбыс екендігін ажырату қиын. Алайда бұл дауысты дыбыстардың жұрнақтың құрамында емес, тек көмекші дыбыс ретінде ғана жұмсалғандығын дұрыс деп қарау керек...» дейді (Ergin, 2013).

-ме: Етістікке болымсыздық мағынасын беретін өнімді жұрнақ. Хаттарда жиі кездесетін жұрнақтардың бірі. Мысалы: *öpkelemesünler* < *öpke-le-me-sün-ler*. Сөз жасаушы жұрнақ ретінде етістіктің түбіріне және туынды етістіктерге тікелей жалғанып, арасына ешқандай қосымша немесе көмекші дыбыстар жалғана алмайды. Сонымен қатар, *-ma*, *-me* жұрнақтарынан кейін, етістіктен етістік жасаушы жұрнақтар жалғанбайды. Тек етістіктен зат есім жасаушы жұрнақтары, септік және жіктік жалғаулары жалғанады.

-н: Өздік етіс жасайтын өнімді жұрнақ. Мысалы: *ötünemiz* < *öt-ü-n-e-miz*, *sivindim* < *siv-i-n-dim*, *qatınaşıp* < *qat-i-n-a-ş-ip*, *atlan-* < *atla-n-*. Салыстырыңыз: *KT. alın-*, *bilin-*, *qılın-* (Gabain, 2003). *Шағ. bulğan-*, *oqın-*, *sesgen-* (Argunşah, 2013). *Қаз. attan-*, *oylan-*, *kiyin-* (Öner, 2013).

-са, -се: Бір нәрсені қалау және етістіктің мағынасын күшейтетін өнімсіз жұрнақ. Мысалы: *körsettim* < *kör-se-t-ti-m*; *körsetmekligi* < *kör-se-t-mek-lig-i*. Осы жұрнақтың тарихи түркі тілдеріндегі қолдану түрін төмендегідей көрсетуге болады. Мысалы: *KT. < -g+sa- bargısa-*, *öpügsä-*, *körğsä-* (Gabain, 2003). *Шағ. körse-*, *umsa*, *yapsa-* (Argunşah, 2013). *Қаз. kökse-*, *ökse-*, *qawsa-* (Тіл білімі институты, 1976).

-ш: Ортақ етіс жасайтын жұрнақ. Мысалы: *erişken* < *er-i-ş-ken*, *oylaşıpdur* < *oy-la-ş-ip-dur*, *körüşe* < *kör-üş-e*, *alışmaqqa* < *al-i-ş-maq-qa*.

т: Өзгелік етіс жасайтын жұрнақ. Мысалы: *izlete* < *iz-le-t-e*, *uñşatıp* < *uñşa-t-ip*, *berkütdük* < *berk-üt-dük*, *körsetmekligi* < *kör-se-t-mek-lig-i*.

Жоғарыдағы хаттарда кездескен жұрнақтардың қазіргі қазақ тілінде фонетикалық ерек-

шеліктеріне қарай бірнеше варианттары бар. Алайда тарихи дамуы, өзгеруі және қайта қалыптасуы барлық түркі тілдеріне ортақ заңдылыққа бағынады. Кейбір өзінен кейін жұрнақ алған түбір сөздер жеке тұрып, белгілі мағынаға ие бола алады. Ал осылардың арасында кейбіреулері керісінше жеке қолданыстан шығып, бұрынғы мәнін жоғалтып жаңа мәнге ие бола алмаған өлі түбірге айналған. М. Қашқаридің туынды түбірлерді етістік түбірден жасалатын зат есімдерге /a/, /t/, /s/, /ğ/, /k/, /g/, /l/, /m/, /n/, /y/ дыбыстарынан біреуінің қосылуы арқылы анықтағандығын айтады. Дәл түбір сөздер сияқты өлі жұрнақтарды да түбір сөздерден ажырату қиын. Сөз тудырушы жұрнақтар: басқа сөздердің шылауына ере жүре мағынасын жоғалтқан түбір сөздер және қос сөздердің бір сыңары мағынасын жоғалтып түрленген сөздер арқылы жасалған (Мұсабаев, 1988). Кейде түбір сөздің өзі де жалғауға айналған.

Қорытынды

Қорытындылай келе, хандық дәуірде мемлекет аралық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында жазылған ресми хаттардың тілдік ерекшеліктерін зерттеу арқылы тарихи қазақ тілінің дамуы мен қазіргі қазақ тілі арасындағы сабақтастықты көрсете аламыз. Осы тұрғы-

дан алып қарағанда тақырыпқа арқау болған Әбілқайыр ханның хаттарында қолданылған сөз жасаушы жұрнақтарды қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерттеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде алынған ресми хаттардағы сөз жасаушы жұрнақтарды тарихи түркі тілдерімен салыстыра зерттеу барысында төмендегідей тілдік ерекшеліктерді байқауға болады:

– кейбір кезде үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар орын алған;

– кейбір жұрнақтардың қазіргі қазақ тіліндегі тек бір вариантының қолданылғандығы байқалады;

– қыпшақ тіліне тән емес, кейбір фонетикалық заңдылықтарға бағынбайтын жұрнақтар да кездеседі.

Аталған зерттеу жұмысы нәтижесінде Әбілқайыр ханның ресми хаттары, тілдік сипаты бойынша қыпшақ тіліне қарағанда шағатай тілінің құрылымдық ерекшеліктерінің басымдау екендігі байқалады. Алайда кейбір жұрнақтардың қазіргі қазақ тілінде өзгеріссіз сол күйінде қолданыста болғандығы да жиі кездеседі. Дегенімен ресми хаттарды зерттеу барысында үнемі хаттың жазылу тарихы мен автордың тұлғалық ерекшеліктеріне мән бере отырып, әр-түрлі салалық зерттеу жұмыстарында оларға аса назар аудару қажеттігін ұмытпауымыз тиіс.

Әдебиеттер

- Argunşah, M., (2013). Çağatay Türkçesi. – Eskişehir: «Yeni Türkiye Yayınları». 107-114 б.
- Ергин, М. (2013). Türk Dil Bilgisi. – İstanbul: «Bayrak Yayınları». – 157-214 б.
- Мұсабаев, Ғ. (1988). Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: «Мектеп» баспасы. – 89-108 б.
- Жұбанов, Х. (1966). Исследования по казахскому языку. – Алма-Ата: «Ғылым» баспасы. – 65 б.
- Кауа, С. (1994). Uygurca Altın Yarık, Ankara: «Türk Dil Kurumu Yayınları 607». – 358 б.
- Қазақ ССР ғылым академиясы Тіл білімі институты. (1967). Қазақ тілінің грамматикасы, 1-том. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. – 46, 146-149 б.
- Кудырбайева, У.; Уғурлу, М. (2018). Kazak Hanlarının Resmî Yazışmaları Üzerine Yapılan Çalışmalar // Sosyal Bilimler Dergisi – The Journal of Social Science. – No: 25 – 609-619 б.
- Кудырбайева, У. (2018). Kazak Hanı Ebü'l-Hayr Han'ın (1680 – 1748) Resmî Mektupları Üzerine Bir Dil İncelemesi // Doktora Tezi: Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi
- Топарли, Р. (2007). Кіпçак Түркçеси Сөзлүгү. – Анкара: «Түрк Дил Куруму Yayınları». – 35, 225 б.
- Тектигул Ж.О., (2013), Эволюция общетюркских аффиксов в казахском языке (монография). Научная электронная библиотека <https://www.monographies.ru/ru/book/view?id=213> [қаралған күні: 05.07.2019]. – 3 б.
- Сафериоғлу, А. (1968). Eski Uygur Türkçe Sözlüğü. İstanbul: «Edebiyat Fakültesi Basımevi». – 70-83; 239 б.
- Von Gabain, A. (1988). Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: «Tarih Kurumu Basım Evi». – 44-59; 280 б.
- Öner, M. (2013). Bugünkü Kıpçak Türkçesi. – Ankara: «TDK». – 59-102 б.
- Eraslan, K. (2012). Eski Uygur Türkçesi Grameri. – Ankara: «TDK» – 108 б.

References

- Argunshah, M., (2013). Chagatay Turkish. – Eskişehir: “New Turkish Publications”. 107-114
- Ergin, M. (2013). Turkish Language Information. – İstanbul: “Flag Publications”. – p. 157-214

- Musabayev, G. (1988). From the history of the Kazakh language. Almaty: Publishing House "School". – p. 89-108
- Zhubanov, X. (1966). Kazakh language studies. Almaty: "Science" publishing house. – p. 65
- Kaya, C. (1994). Uyurca Altın Yaruk, Ankara: "Turkish Language Association Publications 607". – p. 358
- Institute of Linguistics of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. (1967). Kazakh Grammar, Volume 1, Almaty: Publishing House "Science" of Kazakh SSR. – p. 46, 146-149
- Kydyrbayeva, U.; Ugurlu, M. (2018). Studies on Official Correspondence of Kazakh Rugs // Journal of Social Sciences – The Journal of Social Science. – No: 25 – p. 609-619
- Kydyrbayeva, U. (2018). A Language Study on the Official Letters of Kazak Khan Ebü'l-Ҳайр Khan (1680 – 1748) // PhD Thesis: Muğla Sıtkı Koçman University
- Toparly, R. (2007). Kipchak Turkish Dictionary, Ankara: "Turkish Language Association Publications". – p. 35, 225
- Tektigul J.O., (2013), Evolution of Commonwealth Laws in Kazakh Language (Monograph), Electronic Science Library <https://www.monographies.com/ru/book/view?id=213> [Date: 05.07.2019] . – p. 3
- Caferoglu, A. (1968). Old Uyghur Turkish Dictionary. Istanbul: "Faculty of Literature Printing House". – p. 70-83; 239
- Von Gabain, A. (1988). Old Turkish Grammar. Ankara: "Publishing House Publishing House" – p. 44-59; 280
- Öner, M. (2013). Today's Kipchak Turkish. Ankara: "TDK" – p. 59-102
- Eraslan, K. (2012). Old Uighur Turkish Grameri. Ankara: "TDK" – p. 108